

Сайран

Сайран бөгеті [1971 жылы](#) салынды. Көл айналасы көріктендіріліп, әдемі жағажайы мен су қайық бекеттері ұйымдастырылып, қала тұрғындарының демалыс орнына айналған болатын. Уақыт өте бұл көлдің айналасы қоқысқа толып, қайта-қайта суының ластануына байланысты бірнеше рет суын және айналасын тазарту жұмыстары жасалды



2006 жылы қадірі кете бастаған көлге серпін беру мақсатында көл ортасында 50 метр биіктікке су атқылайтын фонтан салынған болатын. 2008 жылдан бастап фонтан жұмыс істемеді.

2012 жылы Алматыда мәдениетті дамыту жылы деп жарияланып, қала әкімі Ахметжан Есімовтің қала тұрғындарымен көздесуінде Сайран көлін абаттандырып, океанариум құрылысын бастау көзделіп отырғандығы жайлы айтылды.

2012 жылғы мәліметтерге сүйенсек бұл көл шомылуға мүлдем жарамайды. Бірақ болашақта көлді қаланың көрікті демалыс және туристік орнына айналдыру жобалары қарастырылуда.

2013 жылы Сайран көлінің шығыс жағалауындағы 0,6 гектар жер аумағында океанариум құрылысын бастау жоспарлануда.



Шымбұлақ — [Алматы](#) маңындағы [Іле Алатауы](#) шатқалының 2510 метр биіктігінде орын тепкен тау-шаңғылық курорты. [Талғар асуының](#) бөктеріндегі бұл спорттық кешен [1954](#) жылдан бастап тау шаңғысы спортшыларының сүйікті орнына айналған.





Алғашқыда бұл кешен кеңес тау шаңғышыларының олимпиадаға дайындық базасы ретінде құрылған. Жарыс жолының ені 25 метр, еңістігі 11-29 градустардың аралығында, сондықтан шаңғышылардың ең жақсы жылдамдық көрсетуіне қолайлы.



Техникалық сипаттамасы жағынан Еуропаның ең жақсы жарыс жолдарынан кем емес, көп жағдайда (қарының сырғанақтық сапасы бойынша) олардан артық. Кешенді жаңа жөндеу бойынша жалпы ұзындығы 6 шақырымнан екі есеге ұзартылды.

Медеу

жасанды мұз айдыны бар дүние жүзіндегі ең ірі спорт кешені. Алматы қаласынан 18 км жерде, [Кіші Алматы шатқалында](#), теңіз деңгейінен 1691,2 м биіктікте орналасқан.



Медеу - [Алматының](#) төңірегінде, [Кіші Алматы](#) өзенінің жағасында жататын мұз айдыны. Теңіз деңгейінен 1,691 метр биікте орналасып, ол әлемдегі ең атақты мұз айдындарының арасында. Медеу 10,500 ш.м. жерді алып жатады және 10,500 көрерменді сиғызады. Әлемдегі 150-ден аса үздік спорттық рекордтар бұл мұз айдынына туғаны баршаға мәлім. Медеуде өткізілген ұлы чемпионаттарының соңғы - 1988 жылындағы Халықаралық Еркектер Конькимен Тез Жүгіру чемпионаты болған.



Бірінші Президент атындағы парк


Еуропада болғанды қаласаңыз, осы парк сіз үшін таптырмас орын. Қала тұрғындарының жамылғысын алып, кітап оқып, бадминтон мен фрисбиде ойнап, жай ғана сергіп қайтатын сүйікті жерлері.



28 гвардияшыл-панфиловшылар

саябағы

Саябақ Алматы қаласының Медеу ауданында, 18 га жерді алып, Қазыбек би, Зенков, Гоголь және Қонаев көшелерінің арасында орналасқан. Ресми атауы 1942 жылы 5 мамыр күні Ұлы Отан соғысы кезінде Мәскеу қаласын фашист танктерінен қорғап қалған Панфилов дивизиясының және алматылық батырларға арнайы қойылған. Олардың барлығы Кеңес Одағының Батыры атағына ие.





Саябақтың шығыс жағында: [Ықлас атындағы Халықтық аспаптар көрмесі](#), [Офицерлер үйі](#), [Жауынгерлер – интернационалистер ескерткіші](#), және Даңқ мемориалы мен Мәңгі алау. Мемориалды кешеннің ашылу салтанаты 1975 жылдың 8 мамырында болып, Ұлы Отан соғысы аяқталуының 30-жылдығына орайластырылған. Кешенге: Қазақстандағы Кеңес билігі үшін күрескен жастарға арналған “Клятва” горельефі кіреді. Триптихтің орта шенінде Мәскеуді кеуделерімен қорғаған батыр-панфиловшылардың кейпі бейнеленген “Подвиг” мүсіні. Оң жағында - “Трубящие славу” композициясы. Оның бейнесі салтанатты өмірдің ән ұранын бейнелейді. Мәңгі алаудың маңында батыр-қалалардан әкелінген жер салынған капсулалары бар, төртбұрышты лабрадориттен орындалған кубтар орналасқан.

Мемориалдың батыс жағында президенттер аллеясы бар. Онда Қазақстанның алғашқы тәуелсіз жылдарында мемлекетке келген президенттер отырғызған Тянь-Шань шыршалары құлпырып тұр. Саябақтың оңтүстігінде Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор [И.Панфилов](#) ескерткіші орналастырылған. Аталмыш ескерткіштен солтүстік жаққа панфиловшылар аттары жазылған тас ескерткіштер, ал саябақтың солтүстік жағында [Бауржан Момышұлының](#) ескерткіші орналасқан. Батыс жағында [Тоқаш Бокин](#) бюсті қойылған. Саябақтың барлық аппеялары ортапыкка – [Свято-Вознесенск Кафедралды соборына](#) апып кепелі

Көлсай

көлі

Алматы облысы Райымбек ауданында орналасқан Көлсай - ең тартымды тарихи өлкенің бірі. Теңіз деңгейінен 1800 метр биіктікте, Алматы қаласынан 250 шақырым қашықтықта орналасқан. Табиғаттың шеберлігі соншалықты көлді жағалай өскен қарағайлар құдды бір адам қолымен егілгендей. Көлсайда болғандардың барлығы оны «жер жаһанның маржаны» деп ешқашан ұмытпайды. Мұнда бәрі бар биік тау, тамылжыған ландшафт, сирек кездесетін аң-құс та.



Шарын

шатқалы

Алматы облысы, Райымбек ауданында орналасқан Шарын шатқалы - Қазақстанның көрікті жерлерінің бірі. Шарын шатқалы табиғатының әсемдігі мен көзтартар ерекше сұлулығымен белгілі. Шарын шатқалында биіктігі 150-300 метрге дейін жететін «Қамалдар аңғары», «Жалмауыз кемпір шатқалы» және т.б. құмды жарлар бар. Жергілікті халық шатқалды «қорғанды қамалдар аңғары» деп атайды. Ғалымдардың зерттеуінше, шатқалға 12 миллион жыл болған. Әйтседе Шарын шатқалының табиғаты жануарлар мен өсімдіктерге бай. Өңірде құстардың 103, бауырымен жорғалаушылардың 25, сүтқоректердің 62 түрі мекендейді. Шатқалда өсетін 1500 өсімдіктің 17 түрі «Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына» енген.



Үлкен Алматы

көлі

Қазақстандағы өзендердің ішіндегі көз тартатынның бірі осы Үлкен алматы өзені. Үлкен Алматы көлінің таңғы уақытта үстіңгі бөлігі көгілдір тартып, үнсіз тыныштықта болып және оған аспанның бейнесі мен қоршаған таулардың көлеңкесі түскен сәті өте әдемі. Ол бір аттас шатқалдың ортаңғы бөлігінде 2511 м биіктікте орналасқан, оның тереңдігі 35 м, ұзындығы 1 км-дей, ал жалпақтығы 500 м. Көлді айнала қоршаған Кеңес шыңы мен оңтүстігінде Озерная көлі, ал батысында Үлкен Алматы шыңының таулы массиві. Үлкен Алматы көлі ежелгі мұздықтар қызметінің негізінде пайда болып, бүгінгі күні табиғи су қоймасы болып табылады. Суы тұнық көлге шомылуға болмайды, тыйым салынған.



Қайыңды

көлі

1911 жылы Алматы облысында болған 9 балдық жер сілкінісінен пайда болған ғажайып мекен. Ол Алматы қаласынан 280 шақырым алшақта орналасқан. Көлдің жан-жағы қылқан жапырақтылармен көмкеріліп, алыстан мен мұңдалап көз тартады.

